7	Байзакова Алия Сарсеналиевна	16.05.1978	Түрген үздіксіз білім беру колледжі, 2014 «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 2021 жылы «Өрлеу» БАҰО АҚ 72 сағат	Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» Сейфуллина 38	2жыл	соттылығы жоқ	санатсыз	21.06-21.21.2023
8	Момбекова Жаухар Кабылжановна	23.10.1979	«Қайнар» университеті, 2006 ж. мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу 2021 жыл "AGZHAN" ғылыми-білім беру орталығы 432 сағат Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ Алматы 2021 жыл	Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» Сейфуллина 38	1 жыл	соттылығы жоқ	санатсыз	27.02.2023ж.

9	Рыскулова Шолпан Турсыновна	11.07.1990	«Білім» гуманитарлы- техникалық колледжі» мекемесі, 2019 ж мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу 2021 жылы "Өрлеу" БАҰО АҚ 72 сағат	« Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» Сейфуллина 38коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Сейфуллина 38	5 жыл	соттылығы жоқ	Екінші санат 09.09.2016жыл	06.03.2022
10	Джорабекова Аширкуль	02.02.1982	Алматы инавациялық коллежі 29.06.2021ж .мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға қатысты зорлық зомбылықтың алдын алу 72 сағат. 09.12.2022	Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» Сейфуллина 38	5жыл	соттылығы жоқ	Санаты жок	08.05-08.11.2023
11	Есенбекова Эльмира Мараловна	15.04.1982	Алматы Университеті, 2013 ж. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» 2021 жылы "Өрлеу" БАҰО АҚ 72 сағат 2023 жылы "Өрлеу" мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсәби құзыреттілігін дамыту. 72 сағат 20.04.2023	Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» Сейфуллина 38	14 жыл	соттылығы жоқ	Санатты жок	21.06-21.12.2023

12	Сейтнизова Мухабат Нуруллаевна	22.10.1986	Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, 2016 ж. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» 2022 жылы "Өрлеу" БАҰО АҚ 72 сағат	Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» Сейфуллина 38	15жыл	соттылығы жоқ	II санатты	29.05.2022ж.
13	Бекбосынова Гүлім Альсейтқызы	15.02.1991	«Білім» гуманитарлы- техникалық колледжі» мекемесі 2019 жылы "Өрлеу" БАҰО АҚ 72 сағат	Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» Сейфуллина 38	3 жыл	соттылығы жоқ	санатсыз	16.10.2022ж.
14	Ниязбаева Толғанай	11.12.1992	Учреждения "Высший многопрофильный колледж гражданской защиты"	Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» Сейфуллина 38	6 ай	соттылығы жоқ	санатсыз	23.01-23.07.2023
15	Татыбекова Айгуль	16.12.1984	Жетысуский государственный университет им.И.Жансугурова	Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» Сейфуллина 38	12 жыл	соттылығы жоқ	санатсыз	18.02-18.08.2023
16	Әбзелбай Жансая	21.12.1992	Алматы Университеті, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға қатысты зорлық зомбылықтың алдын алу 72 сағат. 06.04.2023	Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» Сейфуллина 38	8жыл	соттылығы жоқ	санатсыз	24.02-24.08.2023
17	Құдайбергена Назым Құдайбергенқызы	25.03.1996	1.Шығыс Қазақтан мемлекеттік С.Аманжолова атындағы университеті .18.05.2018ж	Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» Сейфуллина 38	4 жыл	соттылығы жоқ	санатсыз	14.0.2023ж

			Педагогика және психология 2..Шығыс Қазақтан мемлекеттік С.Аманжолова атындағы университі МАГИСТР 24.06.2020 Әлеуметтік педагогика және өзін- өзітану					
--	--	--	---	--	--	--	--	--



Оқу - әдістемелік жұмыс

- *2018 - 2023 оқу жылындағы оқыту-тәрбиелеу үдерісін талдау;*
- *мектепке дейінгі ұйымда 2018 - 2023 оқу жылдарындағы балаларды мектепке дайындаудың деңгейін талдау;*
- *бақылау және басшылық;*
- *тәрбиелеу мен білім беру үдерісін ұйымдастырудың бағыттары;*
- *даму бағдарламасы;*
- *2018 - 2023 жылдар аралығындағы «Ақбота» балабақшасындағы балалардың оқу қызметінің көрсеткіші.*

2018– 2023оқу жылындағы оқыту-тәрбиелеу үдерісін талдау

Жұмыс бағыты	Жұмыстың нәтижесі	Алдағы уақыттағы міндеттері
Білім салалары бойынша оқу қызметінің жұмысы		

«Қатынас» - Сауат ашу негіздері - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Орыс тілі	"Қатынас" білім беру саласы. "Қатынас" білім беру саласының мақсаты ауызекі сөйлеуді қалыптастыру, өмірдегі түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын игеру, оқу мен жазудың алғышарттарын қалыптастыру болып табылады. "Қатынас" білім беру саласы тәрбиеленушілердің әр түрлі балалық іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі және байланыстырып сөйлеуді, мәнерлеп оқу мен мазмұндауды дамытуды, тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуді, белсенді сөздік қорын байытуды, тілдік нормаларды игеруді, мемлекеттік және орыс тілдеріне үйретуді қамтиды. "Қатынас" білім беру саласының мазмұны коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамытуға, балалардың түрлі іс-әрекетінде ауызекі сөйлеуді дамытуға, сөздік қорды байытуға, балалар әдебиетіне қызығушылықты дамытуға бағытталған.	Ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, мемелекттік тілде мәдени әлеуметтік өзара қатынасқа дайын, айналасымен ауызша және ауызша емес құралдармен жұмыс істеуге қабілетті мектеп жасына дейінгі жан-жақта тұлғаны тәрбиелеуге жағдай жасау.
«Денсаулық» -Дене шынықтыру	"Денсаулық" білім беру саласының мақсаты денсаулығы мықты, дене бітімі дамыған баланы тәрбиелеу, тәрбиеленушілердің бойында өз денсаулығына саналы түрде қарауды қалыптастыру болып табылады. "Денсаулық" білім беру саласына ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін игеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдыларды, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, түрлі ұлттық	Балалардың өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеп, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсіндіріп, қозғалыс белсенділігін дамытуға және физикалық қасиетін қалыптастыруға жағдай жасау.

	қимылды ойындарды және командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттерді және командада өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту енгізілген. "Денсаулық" білім беру саласының мазмұны баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында, төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға; шығармашылық, танымдық, тілдік қабілеттерді қолдана отырып, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс тәжірибесін байытуға бағытталған.	
«Таным» - Математика негіздері - Құрастыру - Жаратылыстану	"Таным" білім беру саласының мақсаты мектеп жасына дейінгі баланың жеке тұлғасын қоршаған әлеммен өзара іс-қимыл жасауда командада жұмыс істей білуге қажетті танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруі үшін дамыту болып табылады. "Таным" білім беру саласы санау дағдыларын, геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыруды, кеңістікті және уақытты бағдарлауды; құрылыс, табиғи және қалдық материалдар мен конструктордың бөліктерінен құрастыруды; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейтуді, креативтік ойлауды дамытуды қамтиды.	Танымдық іс-әрекеттердің дағдыларын меңгерту, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге және ақпаратты өмірлік мәселелерді шешуге қолданылған қабілетті тұлға қалыптастыруда педагогикалық ізденістерге мүмкіншілік туғызу.
«Шығармашылық» - Сурет салу	"Шығармашылық" білім беру саласы сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және өнер туындыларын қабылдау мен түсіну	Балалардың сезімдік-эмоционалдық ортасымен

- Мүсіндеу - Жапсыру - Музыка	дағдыларын, командада жұмыс істей білуді, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды, өнер түрлері туралы қарапайым ұғымдарды, тәрбиеленушілердің дербес шығармашылық іс-әрекетін іске асыруды қамтиды.	эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениетін дамытудың жаңа әдістері мен тәсілдерін қарастыру.
«Әлеуметтік орта» - Қоршаған ортамен таныстыру - Өзін-өзі тану	"Әлеумет" білім беру саласының мақсаты ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді қолайлы әлеуметтендіру, оларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, қоғам мен мемлекеттің дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. "Әлеумет" білім беру саласы әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын игеруді; қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруді; баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін, оларға құрметпен қарауды, дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасына жақындық сезімін, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыруды, қазақ халқының, сондай-ақ басқа халықтардың тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеуді, туған жер туралы туралы түсініктерін кеңейтуді, еңбек түрлері мен түрлі мамандық иелеріне қызығушылықты қалыптастыруды қамтиды.	Әлеуметтік ортадағы жағымды мінез-құлық пен қатынасқа қабілетті әлеуметтік бейімделген шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу, Отанға деген сүйіспеншілікке, үлкенді құрметтеуге тәрбиелеу.
Мамандармен жұмыс	Кәсіби шеберлікті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар (педкеңес, ашық оқу қызметтері, семинарлар және т.б.)	Жаңа мемлекеттік стандартты басшылыққа алып,

	тәрбиешілердің біліктілік деңгейлерінің жоғарылауына әсер етті. Ашық іс-шаралар өткізу барысында мамандардың басым көпшілігіне ақпараттар мен насихаттық материалдарды ойындық таным әрекеттеріне қолдану қиыншылықтары өз шешімін тапты. Жас тәрбиешілер ойын түрлерінде өткізілген ашық шараларға ерекше қызығушылықтар танытумен көзге түсіп, барлық тәрбиешілер жылжымалы курстарға қатысып, өз білімдерін толықтырып, жетілдіріп жатыр. Қалалық білім бөлімінің жоспары бойынша өткізілетін түрлі шараларға тәрбиешілер қатысып, тәжірибе алмасты. Қалалық педагогикалық оқуларға қатысқан тәрбиешілер жүлделі орындарды иеленді.	әдістемелік шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастыру. Шығармашылық топқа балалармен бірге атқарылатын жұмыстардың көрмесін ұйымдастырып, бір-бірімен іс-тәжірибе алмасып, араласудың қызықты түрлерін көрсетудің үлгі жоспарларын жасау. Оқыту мен жаңа технологияны меңгеру сапасын арттыру.
Ата-аналармен жұмыс	Ата-аналармен жұмыс жасау барысында балалардың сапалы білім алуы, денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі жайлы туындаған әлеуметтік-педагогикалық және медициналық сұрақтарға кеңестік пункт қызметкерлері тиянақты кеңес береді. Сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балаларды диагностикалау, олардың тәрбиесін түзету және дамыту мәселері бойынша балабақша меңгерушісі, медбике, психолог және әдіскер туындаған мәселелерді шешу жолында жұмыс атқаруда. Балалардың ата-аналарымен «Әкем, анам және мен» , «Қазақтың ұлттық ойындары» атты спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Психолог Ш.Жубайбековна «Ата-ана мен бала арасындағы жағымды қарым-қатынас орнату» атты тақырыпта жүргізілетін	Отбасымен біріккен іс-әрекеттерде баланың дене және танымдық дамуы үшін жағдайлар жасау. «Отбасы мен балабақша» арасындағы байланысты нығайту жолында ата-аналарға жасалған оқыту семинарлар, тренинг жүргізу жоспарлануда.

	тренингтегі психологиялық жаттығулар да ата-ана мен баланың жан –дүниесін ортақтастыратын іспетте болды.	
--	--	--

Мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысының табысты болуы көбіне меңгеруші мен әдіскердің мамандармен бірлесе атқаратын әдістемелік жұмыстарының сапасына байланысты.

Оның құрамына төмендегідей жұмыс бағыттары кіреді:

- мектепке дейінгі ұйымда педагогтардың барлық санаттарын көтеруге көмек көрсету;
- тәрбиелеу, білім беру жұмыстарына бақылау жасауды жүзеге асыру;
- педагогикалық кеңесті ұйымдастыру және өткізу;
- алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені енгізу, тарату, жалпыландыру және оқып үйрену.
- тәрбиелеу-білім беру үдерісін жүзеге асыру үшін жағдай қалыптастыру;
- балабақша, отбасы, мектеп және басқа да ұйымдардың өзара педагогикалық ынтымақтастығын қамтамасыз ету;
- балабақшада барлық тәрбиелеу-білім беру үдерісі төмендегідей негізгі бағдарламаларды басшылыққа алды;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»2020ж.;

Үш жыл бойына педагогикалық ұжымның жұмысын балалардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын әдістемелік, педагогикалық бағытта жетілдіруге баса назар аударылды. Балабақшадағы медициналық-профилактикалық жұмыс аға медбикенің жетекшілігімен жүргізілді. Алға қойылған жоспарға сәйкес балалардың физиологиялық дамуы мен қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамытуға байланысты жұмыстар ұйымдастырылды.

Дене шынықтыру оқу қызметтері, денсаулық күндері, дене шынықтыру сауық кештері, дене шынықтыру мерекелері. қимылды ойындар тұрақты өткізілді.

Балалардың физикалық дайындығы сараптама көрсетуі бойынша негізгі қимыл- қозғалысты дұрыс орындайды және меңгеру көрсеткіші - 90 %

Педагогикалық ұжымның басты міндеттері:

1. Оқу тәрбие жұмыстарын бағдарлама талаптарына сәйкес ұйымдастыру.
2. Сауықтыру-шынықтыру шараларын тиімді өткізу.

Балабақшада оқу-тәрбие жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру және жаңа бағдарламалармен жұмыс жасай білу тәрбиеші-педагогтердің кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты.

Балабақша ұжымы оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруде әрдайым жүйелі жұмыстар жасайды. Ашық сабақтар, тренингтер, бағдарламалар бөлімдері бойынша педагогтер білімдерін жетілдіріп, педагогикалық шеберлігін арттырып отырады.

Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы Заңды» орындау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Өртүрлі әдістемелік тәсілдерді қолдану арқылы нақты жетістіктерге қол жеткізуде.

Балалардың тілін дамытуға, сөздік қорын байытуға, байланыстырып сөйлеуге үйретуде ұйымдастырылған іс-әрекеттер өз нәтижесін беруде.

Балалардың музыкалық қабілетін дамытуда музыка жетекшісі жан-жақты жұмыс жүргізді. Музыкаға, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу арқылы, балалардың эстетикалық сезімін ояту, көркемдік талғамын дамытуға баса назар аударылды. Балалар музыканы түсіне, сезіне алады. Балалардың жақсы өлең айту қабілеттерімен музыкалық-ырғақты қимылдары дамыған. Мерекелік ертеңгіліктер шығармашылық ізденістермен, көркемдік талаптарға сай өткізілді.

Рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу отбасы мен балабақшаның бірлескен іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылуда, балабақшада отбасымен жұмыс істеу жүйесі қалыптасып, ата-аналардың педагогикалық бағыттары мен олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге қатысты жұмыстар тұрақты, жүйелі жүргізілді.

– балабақшада ата-аналардың психологиясына, баламен қарым-қатынас және оның дамуына жағдай жасауға отбасының бағытына көмек көрсетуге баса көңіл бөлінді;

–қарым-қатынас мәдениеті және бір-біріне деген сүйіспеншілікті

қалыптастыруға көңіл бөлінді;

- балалардың өздеріне құрдастары мен үлкендер арасындағы қарым-қатынас мәселесін және оны шешу жолдарын анықтауда ата-аналарына көмек көрсетілді;
- ата-аналар балабақшаның оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға қатыстырылды;

Мектепке дейінгі ұйымда 2018-2023 оқу жылдарындағы балаларды мектепке дайындаудың деңгейін талдау

Педагогикалық ғылым мен тәжірибеде балаларды мектепке дайындау кезек күттірмейтін түйінді мәселелердің бірі болып табылады.

Білім беру мазмұнына түбегейлі өзгерістер енгізе отырып, мектепке дейінгі жастағы балалар дамуына бағыт берудегі мәселелерді бірінші орынға қояды.

Отбасы мен педагогтер баланы біртіндеп өзін тұлға ретінде ұстауға үйретеді, еңбек етуге, оқуға, ойнауға деген құлшынысын тер төге және ойлана отырып дамытады, әртүрлі қызмет түрлерін қалыптастырады.

Мектепке дейінгі ұйымдардан мектепке өту балалардың еркіндік, еріктілік, адамгершілік, сезімталдық, ойшылдық, яғни психикасына ешқандай ауыртпалық, қиындық тумамайтындай етіп психологиялық дайындықта болуынан көрінеді. Анығында бұл баланың мектепте бастапқы білім алу кезіндегі жеке даму деңгейін көрсететін толықтай білім болып табылады.

Мектепте білім алудың бастапқы кезеңіндегі психологиялық дайындықтың құрамындағы негізгі қасиеттер:

- білім алу мотивтері;
- көргендерін талдау;
- жалпылау деңгейі (ойлау қабілеті);
- оқу тапсырмаларын қабылдау қасиеттері;
- графикалық икемдері;
- оқып үйренуі (оқып үйрету көмегін қабылдап алуы).

Өзін әлеуметтік «мен» ретінде тану және ішкі ұстанымын қалыптастыру мектепке дейінгі балаларды психикалық дамуындағы түбірлі өзгеріс тармағы болып табылады. Бұл өмірдегі жаңа, барынша жоғары деңгейге

ұмтылуынан байқалады, әсіресе оқушының әлеуметтік роліне және мектепке оқуға ұмтылуынан байқалады. Бұл ішкі ұстаным жаңа мазмұнға ие болды-оқушының ішкі ұстанымына айналды.

Дайындық топтары мектепалды бағдарламалары бойынша жұмыс істеді. Үш жылғы диагностика нәтижелерін салыстыра отырып, позитивтік динамиканы байқауға болады. Мектепке даярлық тобының мектепке және оқуға деген эмоционалдық қарым-қатынасы қалыптасқан. Олар оқу тапсырмаларын қабылдауға және құрбыларымен, мұғаліммен қарым-қатынасқа түсуге дайын. Олардың ішкі әлеуметтік ұстанымы қалыптасқан, олар өзіне «керек», «қажет» дегенді бағындыра алады, бастаған істерін аяғына жеткізеді, үлгіге қарап өз жұмыстарын салыстырады және өз қателерін көре алады. Тек қана мектепке дейінгі мекеменің күшімен оң нәтижелерге жету оңай емес. Сондықтан баланы мектепке дайындау бойынша балабақшаның жұмысын жоспарлау кезінде ата-аналармен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлінеді. Үлкендер жағынан берілетін көмек тек қана баланың дамуындағы өзіндік ерекшеліктеріне бағытталған жағдайда және оның мектепте оқудағы бастапқы дайындығының ерекшеліктерін есепке алған жағдайда ғана тиімді болады.

2022-2023 жылына «Ақбота» балабақшасының даму жоспары.

Әлеуметтік дамуда баланың үлкендермен қарым-қатынасы және өз құрбы-құрдастар мен баланың ой-өрісінің қалыптасу мүмкіндіктері көзделеді, өз отанына, отбасына халқының салт-дәстүріне көңіл бөлу жолдары қарастырылады.

Танымдық даму барысында мына міндеттер ерекшеленеді: айнала қоршаған өмір мен таныстыру мәселелерін түйіндеу, оның тәсілдері мен қасиетін сезіну.

Әсемдік даму эстетикалық барысында өмірге деген құштарлық пен көркемдік танымды қалыптастырады.

Денешынықтыру дамуында салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене мәдениетінің жан-жақты күтімі мен дұрыс дамуы, өзін қоршаған орта мен байланысы, өз денсаулығына, ауру-сырқау т.б. қауіп қатерден сақтану қарастырылады

Міндеттері	Іс - шаралар	Орындалу мерзімі
Жоспарлау саласы Балабақшадағы педагогикалық инновациялық технологияларын сақтап әр білім беру салаласын қамту. Халық педагогикасы элементтерін ұлттық тәрбиеде жүйелі де кеңінен пайдалануды жоспарлау.	• Ұжымға әрбір жаңадан келген педагог қызметкерге бағдарлама, технологиялар жайлы мағлұмат беру. • сайт арқылы материалдарды толықтырып отыру. • Баспа шығарып отыру (газет, буклеттер, ақпаратты беттер) • міндеттемелерді орындай отырып, балаларды жан-жақты дамыту • Халықтық педагогиканың салалары: адамгершілік тәрбиесі, ата-ананы сыйлау, аталы сөз, бата, өсиет, өнеге, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер және ертегілер, салт-дәстүрлермен, ұлттық ойындар балалардың санасына оқу іс-әрекеттер арқылы жеткізу.	2022-2023 жылдардың әр қыркүйек айында 2022-2023 ж.ж. ай сайын қыркүйек айынан мамыр айына дейін 2022-2023 ж.ж. әр қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында
Мониторингті ұйымдастыру Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып дамыту, олардың қызығушылығын арттыру.	Жоспарлау, жүргізу, жағдай туғызу. «Әлеуметтік орта», «Қатынас», «Денсаулық», «Таным», «Шығармашылық» білім беру салалары бойынша балалардың құзыреттілік деңгейін анықтау. Балалардың шығармашылық іздемпаздық – танымдық қабілеттері мен қасиеттерінің ашылуына айрықша мән беріп, мониторинг жүргізу.	2022-2023 ж.ж. Әр жылдың қараша, ақпан, мамыр айлары.

Педагог- мамандармен жұмыс Балабақшадағы жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру, әрдайым саланы жаңғыртып отыру. Балалар ауруларын төмендетуге мүмкіндіктер жасау үшін педагогтардың кәсіби – шеберліктерін өрлету.	Педагогикалық ұжымдағы оқу – тәрбие үрдісінің бірлескен жұмыстарын қолдау. Бала тәрбиесін жүзеге асыруда тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін тәрбиешілермен семинар-кеңестер, сайыстар, тренингтер, дөңгелек үстел ұйымдастыру. Өзара оқу іс-әрекеттерге, ұйымдастырылған іс-шараларға қатыстыру, ұсыныстарды білдіру. Кәсіби – шеберліктерін көтеру мақсатында жылжымалы курстар, педагогикалық оқуларға, қалалық семинарларға қатыстыру.	2022-2023 ж. Үнемі
Балалармен жұмыс Шынықтыру шараларын кешенді түрде өткізу. Жоспарланған шараларды қимыл – әрекетті үйлесімді ұйымдастыру және білімдерін тереңдету.	Педагогтардың жоспарлау жұмыстарының тиімділігін қарап шығу. Әр сала бойынша балалар іс – әрекеттерінің түрлерін тереңдету. Ұлттық мәдениетке, музыкаға қызығушылықты, өз халқына және туған жерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Балалармен қарым-қатынас	2022-2023 ж. жыл сайын, үнемі 2022-2023 ж. үнемі
Ата – аналармен жұмыс Ата – аналармен ынтымақтаса отырып, шынықтыруды кешенді ұйымдастыру. Алға қойылған даму жоспарының тиімділігі жайлы мағлұмат беру.	Ата- аналармен бірлескен іс- шаралар: -ата-аналармен өткізілетін жиналыстар; -спорттық сайыстар; -шығармашылық кездесулерді жүргізу Жылына екі рет сауалнама беріледі, ата-ананың пікірлері, ұсыныстары ескеріліп, оқу-тәрбие жұмысына жаңалықтар енгізіледі. Қойылған мақсатта ата-анамен бірлескен рухани	2022-2023 ж. үнемі

	байлықпен, кіршіксіз мораль және күш қуатын өз бойына жинаған тәбиешінің атқарар рөлі мен жауапкершілігі игілікті істері жүзеге асырылады.	
Материалдық – техникалық базаны толықтыру: • Кітаптар қоры • Ақпарат Әрдайым кітапхана қорын толықтыру, ақпаратты: газет- журналдар, бейне жазбалармен қамтамасыз ету.	Кітапхана қорын толықтыруда жаңа инновациялық технологияларды қолдану, дамыту. Балабақша қызметкерлерін санитарлық гигиенаға, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасына қажетті барлық құрал-жабдықпен жуатын заттармен жабдықтау. Санитарлық-гигиеналық талаптармен еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасына қажетті барлық нұсқаулықтармен қамтамасыз ету. Электр құрал-жабдықтарының жұмыс істеуін және дұрыс пайдалану қамтамасыз етіп, бұзылу болған жағдайда басшылыққа хабарлап, оны жою жолдарын қарастыру. Өрт сөндіргіштерді уақытында толықтырып, өртке қарсы құрал-жабдықтың дұрыстығын бақылауға алып, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау.	2022-2023 ж. үнемі
Мемлекеттік тіл Мемлекеттік грамматикалық дұрыс құрылымдарын қолдана білуді жетілдіру. Сөздік қорларын молайту.	Балалардың әрбір әрекет түрлері мен коммуникативті – тілдік орта арқылы - тілге құрмет көрсете білу түсініктерін тереңдетіп, дамыту.	2022-2023 ж. қыркүйек айлары
Ғылыми – зерттеу жұмысының салалары	Жоспарлауды әрдайым өрлете отырып, оптималды мүмкіндіктерді қолдануда ішінара және	2022-2023 ж. тамыз, қаңтар, мамыр

Жоспарлау кезінде зерттеу жұмысын тереңінен түсіну. Зерттеуді ішінара және бағдарламадан тыс жүргізу	бағдарламадан тыс зерттеулер жүргізу. Білім беру деңгейлерінің үздіксіздігі мен сабақтастығы принциптерін сақтау.	айларында мүмкіндігінше
--	---	-------------------------

Міндеттер

(осы нақты мәселе бойынша істелінетін жұмыстар)

1. Балаларды тұған өлкенің мәдениетіне, тарихына қатыстыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін қалыптастыру.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында зерттеу іс - әрекеттерін қалыптастыру бойынша жұмыстарды жетілдіру.
3. Театрландырылған ойын құралдары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік қасиеттерін дамыту.
 1. Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан- жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау.
 2. Балаларды қызықты ойын түрінде тәрбиелеу, оқыту және дамыту.
 3. Ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай жүйрік етіп тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже

Күтілетін нәтиже:

- баланы айналадағы ортаға үйренеді
- баланың мінезі дамиды
- бала адамдармен тез араласады

- тәртіпке, жауапкершілікке үйренеді
- баланың ойлау қабілеттерін арттыру арқылы ұрпақты жақсылыққа тәрбиелейді.
- қоршаған ортада жеке тұлға ретінде қалыптасады
- отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түседі.

Қоғам үшін әр кезеңде, әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл - қыздардың дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсуі - ең жоғарғы тілек, ең биік мақсат. Оның қуат алатын қайнар бастауы отбасы. Отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата - ана тәрбиесінің орнын ешнәрсе алмастыра алмайды. Отбасы - өмірге сәби әкеліп, оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын. Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметтінің мақсаты - балаланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін балабақшадағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді:

- Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру.
- еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне - өзі қызмет етуге үйрету.
- Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым - қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету .
- Әдебиетке, мәдениетке, өнерге тәрбиелеу.

Әрбір ұстаз ата - аналармен қарым - қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата - ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата - ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгереді.

Ата - аналармен жұмысты ұйымдастырудағы нәтижесі:

- Ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту;

- Баланың бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту;
- Ата — аналармен жұмыс жасаған кезде бірізділік қағидасын басшылыққа алу;
- Бала өміріне қолдау жасау, келешекте өз жемісін беру.
- Қоғам тарапынан көрсетілген қолдау, ата - ананың өміріндегі тұрақтылық пен болашаққа деген сенімін нығайту.

Қазіргі уақытта балаларды тәрбиелеуге қатысы кеңейе түсіп, тәрбие жұмысы еңбек ұжымының күнделікті ісіне айналуға тәрбиешілердің практикасында ата - аналармен және көпшілікпен бірігіп жұмыс істеудің әр түрлі формалары қалыптасып, жемісті түрде қолданылуда.

«Ақбота» балабақшасының даму бағдарламасы
«Ақбота» балабақшасы МКҚК даму Бағдарламасының төлқұжаты

Бағдарламаның атауы	«Ақбота» балабақшасының даму бағдарламасы.
Бағдарламаны орындауға жауаптылар	«Ақбота» балабақшасының педагогикалық ұжымы.
Бағдарламаны Әзірлеу үшін негіздеме	• «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы № 319 Заңы; • «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 01.03.2016 жылғы № 205 Жарлығы; • «Балалар құқықтары туралы» Конвенция; • «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 08.08.2002 ж. № 345-ІІ Заңы; • Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары: 2018 жылғы 30 қазан №595

	бұйрығы «Алматы облысы білім басқармасының Қонаев қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Ережесі; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.08.2012 жылғы № 1080 қаулысымен бекітілген
Бағдарламаның мақсаты	Даму бағдарламасы өткен кезеңдегі «Алматы облысы білім басқармасының Қонаев қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жұмысын талдау негізінде білім мекемесінің перспективалық даму бағыттарын анықтауға арналған. Мұнда бағыттар өзгерістері көрсетіліп, білім мазмұнын жаңғырту мен тәрбиені ұйымдастырудың, инновациялық үрдістер негізінде мектепке дейінгі ұйымды басқарудың басты бағыттары сипатталады.
Өзектілігі	Мектепке дейінгі ұйымды мемлекеттің білім саясатын жүзеге асыру жағдайында дамыту. Оның негізгі бағыттары, атап айтқанда мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы. - Балабақшаға жаңадан келетін балалардың денсаулығының төмен жағдайы олардың сапалы білім алуына кедергі болуы. - Қоғамдық-мемлекеттік басқару нысандары арқылы балалардың білім сапасын басқаруда ата-аналардың дайындығының жеткіліксіздігі мен қатысуының аздығы.

	• Педагогикалық еңбектің қарқындылығын арттыру қажеттілігі, оның сапасын және педагогтердің қазіргі заманғы білім технологияларын қолданудың нәтижелілігін арттыру. • Қосымша білім қызметтер саласын құрудың қажеттілігі.
Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі	Бағдарлама 2019-2023 жж. мерзімінде жүзеге асырылады.
Атауы	«Алматы облысы білім басқармасының Қонаев қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2019-2023 жылдарға арналған даму бағдарламасы
Нормативтік құжаттар	Білім беру ұйымдары өз қызметінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады: Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптары өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319 «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345 «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306 «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137 «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015893

	«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235 Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018172 Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227 Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077 Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750 Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272 Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584 Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239 Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020618 Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883
Авторлар	«Қонаев қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақбота» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының педагогикалық қызметкерлерінің

	шығармашылық ұжымы
Мақсаты	Балабақшада баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуы мониторингін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын құру, мектеп жасына дейінгі балалардың бастауыш мектепте оқуына тең мүмкіндік беруді көздейтін қарапайым қимыл-қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру. Балабақшада қазіргі заманғы білім технологияларын енгізу, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы білім мен тәрбие сапасын арттыру.
Міндеттері	- Балабақшада білім мен тәрбие сапасын сақтау және арттыру. - Білім үрдісінде ақпараттық құралдарды қолдану тиімділігін арттыру. - Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша балаларды толыққанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие беру. - Материалдық-техникалық және бағдарламалық қамтамасыз етуді жетілдіру. - Білім үрдісіндегі желілік қарым-қатынас пен кірігу мүмкіндіктерін қолдану. - Ерекше қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беру үшін жағдайлар жасау. - Баланың жеке тұлғасын қалыптастыруда, әрі мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту мақсатында мектепке дейінгі ұйымның жұмысына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын ендіру. - Тәрбиеленушілердің көптеген топтарына арнап қосымша білімді енгізу. - Балабақшамен ынтымақтастық бойынша ата-аналардың құзыреттілігін арттыру негізінде «Қапшағай қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұр-Бөбек»

	балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының басқару жүйесін дамыту.
Бағдарламаның қаржылық қамтамасыз етілуі	Бюджетті тиімді пайдалану, демеушілік көмек, қайырымдылық, гранттық байқауларға қатысу.
Күтілетін нәтижелер	- АКТ технологияны пайдалануда педагогтердің құзыреттілігін арттыру; - тәрбие және білім беру үдерісінде заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын қолдану аясында тәрбиешілер мен педагогтардың кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру; - «Қонаев қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақбота» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жағдайында баланың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін АКТ технологияны пайдаланып әдістемелік әзірлемелер базасын құру; - баланың білім сапасын арттыруда оның денсаулығын жақсарту; - педагогтердің технологиялық мәдениетін арттыру; - мектепке дейінгі білім жүйесін қол жетімді ету; - баланың мектепте табысты оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы сапасын жетілдіру; - ұйымды мемлекеттік-қоғамдық басқару мектепке дейінгі жастағы балалардың білім сапасын арттырады, бюджеттен тыс қаржыландырудың бөлігін арттырады.

Тәрбие жұмысы

- *тәрбиелеу-оқыту үдерісінің нәтижелілігі;*
- *медбике жұмысының мазмұны;*

- *салауатты өмір салтын қалыптастырудың жаңаша бағыттары;*
- *ата-аналармен жұмыс.*

Тәрбиелеу-оқыту үдерісінің нәтижелілігі

Баланың даму деңгейіне қатынасы бойынша тәрбиелеу үдерісі мазмұны мен сипаты әртүрлі болғандықтан, балабақшадағы тәрбиелеу-оқытудың нәтижелілігін талдауға жан-жақты көңіл бөлу.

Қадағалау әдістері:

- бақылау;
- өнімділік қызметті талдау;
- диагностика;

тәрбиелеу оқыту-үдерісі нәтижелілігінің жетекші көрсеткіштері ретінде мынадай деңгейлер алынады:

жекелік: баланың жеке дамуының динамикасы, оның шығармашылық қабілеті мен өзін-өзі бағалауы;

когнитивтік: іске асырылып жатқан кешенді бағдарламаға сәйкес ақпараттандыру деңгейі;

жүріс-тұрысы: қарым-қатынасқа, ұжымдық қызметке қабілеттілігі мен дайындығы, өзінділігі, араласудың әлеуметтік бағалы түрін таңдай білуі.

«Ақбота» балабақшасының балалар медбикесі жұмысының мазмұны

Медбике жұмысының барлық бөлімінің негізі - аурудың алдын-алу шаралары болып табылады.

Жұмыстың негізгі бағыттары.

Алдын алу шаралары.

Балалардың бейімделу кезеңін қолайлы өткізу.

Гигиеналық тазалық тәртібін сақтау.

Әртүрлі паталогиялық аурулардың алдын алу үшін дәрігер мамандармен жыл сайын жоспарлы алдын алу тексерулерін өткізуде.

Арнайы емес әдістерімен қауіпті ауруларды алдын ала сақтандыру.

Жұқпалы аурулардың алдын алу және таралмауына әлеуметтік тазалық және арнайы шаралар өткізу

Құрт ауруларының алдын алуды жүзеге асыру;

Балалар жарақатының алдын алу, барлық жағдайлардағы жарақаттарды есептеу және сараптау.

Роционалды теңдестірілген тамақтануды ұйымдастыру(РТТ)

--	--	--	--	--

Медициналық-педагогикалық бақылау(МПБ)

№	Іс-шаралар мазмұны	Формасы	Мерзімі	Жауапты
1	Балалардың серуенде болуын уақытылы қадағалау	Қадағалау,бақылау	үнемі	Топ тәрбиешілері Медбике
2	Топтарда температураны қатаң сақтау барлық топтарға	Қадағалау,бақылау	үнемі	Топ тәрбиешілері Медбике
3	Топтарда сүзгі жүргізу	(фильтр)	Үнемі	Топ тәрбиешілері Медбике
4	Балабақша қызметкерлері және ата-аналар арасында санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу	кеңестер	Оқу жылы барысында	Медбике
5	Балалардың дене дамуының көрсеткішінің деңгейін анықтау	антропометрия	Қыркүйек, мамыр,	Топ тәрбиешілері Медбике
6	Тұмаудың алдын алу	Оксалин майын қолдану	Қажеттілігіне қарай	Топ тәрбиешілері Медбике
7	Ойыншықтардың уақытылы жуылуын	Қадағалау,бақылау	үнемі	Топ тәрбиешілері

	қадағалау			Медбике
8	Төсек жаймаларының уақытылы ауыстырылуын қадағалау	Қадағалау,бақылау	үнемі	Медбике
9	Ойын алаңында балалар ойнайтын құмның таза болуын қадағалау	Қадағалау,бақылау	Жаз маусымында	Топ тәрбиешілері Медбике

Ата-аналармен және ата-аналар қауымдастығымен жұмыс

Мақсаты: баланы тәрбиелеу мен дамыту процесінде өзара әрекеттерінің стратегияларын құру, отбасылық тәрбиені іске асыруда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, білімін көтеру. Балаларды тәрбиелеу міндетін бірлесіп шешуге тарту.



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі алдына Модельді іске асыруда балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті жүзеге асыруда ата-аналарға көмек көрсету жолымен оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту мақсаты қойылған. Аталған мақсатқа қол жеткізуде мектепке дейінгі ұйымдарды мен мектепалды сыныбының қызметін үйлестіру үшін:

- 1) әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;
- 2) балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен білім беру ұйымының күш-жігерін біріктіру;
- 3) өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, педагогикалық процеске қатысушылардың арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдау;
- 4) балалардың ата-аналарымен және заңды өкілдерімен сындарлы ынтымақтастықта қарым-қатынас орнату үшін педагогтерді даярлау көзделеді.

Ата-аналармен жұмыста ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтары, олар тренингтер, семинарлар, «игі істер күндері», ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата-аналар конференциясы, ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға, олардың назарын мектепке дейінгі ұйымға аударуға бағытталған дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары түрінде өтуге тиіс, ата-аналар өз баласын жақсы білуі керек, оны басқа, өзі үшін таныс емес жағынан көруі тиіс, педагогтермен өзара қарымқатынаста болуы қажет. Сонымен қатар, жеке және топтық консультациялар, ата-аналар жиналыстарын, проблема бойынша пікірталастар, «ауызша журналдар», педагогикалық қонақ бөлмелерін, сұрақжауап кештерін, «ток-шоу» өткізу, ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнежазбаларын және режимдік сәттерді қарау, содан кейін талқылау және басқалары ұсынылады. Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың атааналары үшін белсенді етудің интерактивті әдістерін қолдану, сұхбаттасу, 20 талқыланатын проблеманы рейтингтік бағалау, әрқилы бірнеше көзқарасты талқылау ұсынылады. Отбасымен жұмысты ұйымдастырудың негізгі қағидалары: - ашықтық; - ынтымақтастық; - формализмнің болмауы; - белсенді дамытушы орта құру; - диагностика; - бақылау. Педагогтердің міндеті ата-аналармен өзара қарым-қатынастың оң эмоционалды микроклиматын құру, отбасын біріңғай білім беру кеңістігіне тарту болып табылады.

Балабақшадағы психологиялық жұмысты қамтамасыз ету

- *психологтың 1 жылдық жұмысы;*
- *ата-аналарға арналған сауалнаманың 2018-2023 оқу жылындағы көрсеткіштері;*
- *ұжыммен жұмыс*

Педагог - психологтің

2018-2023 оқу жылдарындағы психологиялық қызметінің негізгі бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстары:

Бала тәрбиесі ата - аналарға, мектепке дейінгі ұйымның қызметкерлеріне жауапты міндеттер жүктейді. Қазіргі уақыт талабына орай психологияның білім беру жүйесінде алатын орны ерекше. Психолог балалардың онтогенездің бір сатысынан келесі жоғары сатысына өтуін қадағалайды. Осы өту жолына көмектесу – күрделі де маңызды міндеттердің бірі. Балалардың сан қырлы интеллектуалдық және тұлғалық дамуы әрбір жас кезеңінде балалардың толыққанды жетілуін қамтамасыз ететін және олардың жеке шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оңтайлы психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды талап етеді. Сондықтан бала әрбір жас кезеңінде өзіне деген ерекше тәсілмен келуге мұқтаж. Еліміздің болашағы бақшадағы балаларымыздың жан дүниесіне көңіл бөлуінен басталады.

Түрлі жас кезеңіндегі балаларға психологиялық қолдау көрсету мәселелері бойынша ағарту ісінің қажеттілігін ескеріп, біз мектепке дейінгі әр жастағы балалардың, сондай-ақ олардың тәрбиешілері мен ата-аналарының психологиялық сүйемелдеу жұмыстарын жасаймыз.

Балалармен жұмыс

Балалардың психологиялық таным процестерінің (ойлауы, қиялы, қабылдауы, есте сақтау қабілеті) дамуына жағдай жасау балабақшаның алға қойған мақсаттарының бірі болып табылады.

Балалардың біліміне, денсаулығына көңіл аударумен қатар жан-жақты жоғарғы деңгейде дамыту үшін таным процестеріне және ұялшақ, ызақор, қызба балаларды анықтау мен көңіл бөлу қажет.

Сондықтан әр оқу жылының басында жұмыс балалардың таным процестерін зерттеуден басталады. Психологиялық тапсырмалар беріліп, логикалық ойындар, жаттығулар, тестілер, тренингтер өткізіледі.

Балалардың таным процесстерін анықтаған соң түзету (коррекциялық) жұмыстарын өткіземіз. Жұмыс жоспары бойынша арнайы тренингтер өткізіледі. Ондай іс-шаралар балалардың өзара қарым-қатынасын дамыту, олардың жағымды мінез-құлықтарын арттыру, өз рухани байлығын молайту, ойлау, қабылдау, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту мақсатымен жүргізіледі.

2018-2023 оқу жылында балалардың саны өсті. Балалардың мектепке психологиялық әзірлігі зерттелді.



«Ақбота» балабақшасында балалардың тәрбиеленуіне мүмкіндігінше қолайлы жағдай жасалынған. Балалардың таным процестерінің даму деңгейі, бейімделуі, мектепке психологиялық әзірлігі, қабілеттері, мінезі, темпераменті зерттеліп, дамытылады.

Ата – аналармен жұмыс.

Ата-аналармен танысу барысында түрлі жұмыстар жүргізілді: танысу тренингтері, сауалнамалар, кеңестер, жеке бала туралы әңгімелесу ата-аналарға өте тиімді болады.


Баланың жаңа ортаға үйренуі тезірек болу үшін ата-аналар үйлерінде не істеу қажет, бала 3,4,5,6 жасында не істей білу қажет, ата-аналар көңіл-күйі балаға қалай әсер ететіні туралы кеңестер ата-аналар жиналысында беріледі.

Психологиялық зерттеу қорытындысына ата-аналар жиналысында талдау жасалды.

Мектепке даярлық топ балаларына ата-аналардың қандай көмек көрсете алатыны баса айтылады.

Ата-аналарға арналған сауалнаманың 2018-2023 жылдық көрсеткіштері.

Ата - аналардың «Ақбота» балабақшасының педагогикалық ұжымына қанағаттанарлық сауалнамасы талдауының бағасы




Тәрбиешілермен жұмыс.


Дөңгелек үстел «Менің мамандығым-тәрбиеші» (әңгіме-пікірталас). Тренинг «Мен өзгенің көзімен», «Ұжымдық рух». Тәрбиешілердің жеке тұлғалық қасиеттерін, темпераменттерін, өзара қарым-қатынас стилін, конфликтіні шешу жолдарын анықтау, кеңестер беру жұмыстары өткізіледі. Сауалнама жүргізу арқылы ұжымдағы проблемаларды

анықтау мен оларды шешу жолдарын іздестіріледі. Топтардағы заттардың орналасу ретін психологиялық тұрғыдан қадағалау тәрбиешілерге кеңес ретінде түсіндіріледі.

Тәрбиешілердің балалармен қарым – қатынасының стилі:



2018-2023 оқу жылындағы ұжымның психологиялық атмосферасы



Мықты жақтары	Әлсіз жақтары	Даму перспективасы
Балабақшада психологиялық қызмет үш бағытта: баламен, тәрбиешілермен, ата-аналармен жүргізіледі. Оның мазмұны жағынан өз деңгейінде ұйымдастырылады. Психологиялық диагностика уақытында жасалады.	Оқу тәрбие үдерісінде баламен, тәрбиешілермен, ата-аналармен психологиялық қызметті жүзеге асыруда қазақ тіліндегі психологиялық оқу әдістемелік еңбектердің жеткіліксіздігі.	Ата-анамен психологиялық тұрғыдан тығыз қарым-қатынас орнықтыру



Қазақстан Республикасы «Тілдер туралы» Заңының орындалуы

- Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңын іске асыру жұмысы;
- Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңын жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары;
- мемлекеттік тілді дамыту мақсатында ұйымдастырылған іс-шаралар;
- отбасымен және қоғамдық ұйымдармен жүргізілген жұмыстар.

Қазақстан Республикасының «ҚР Тілдер туралы» Заңын іске асыру жұмысы

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңын іске асыру мақсатында балабақшада іс қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі, балабақша бөлмелері, көрмелер, хабарламалар мемлекеттік тілде безендірілген.

Балабақшада мемлекеттік тілді оқыту «Базистік оқу жоспарына» сай жүргізіледі. Барлық құжаттар мемлекеттік тілде жазылады.

Барлық топта балалар көркем әдебиеттері, қазақ суретшілерінің шығармалары, қазақ оюларының үлгілері әдістемелік әдебиеттер, қажетті дамыту орталықтары жасалған.

ҚР «Тілдер туралы» Заңын орындау мақсатында тәрбиешілер тіл дамыту оқу қызметтерін жүйелі тереңдетіп оқытады. Әртүрлі әдістерді қолдана отырып, бағдарлама материалдарын игеруде жетістіктерге қол жеткізуде. Топтағы балалардың байланыстырып сөйлеуі меңгерген сөздік қорлары мол. Ересектер тобы мен мектепалды даярлық тобының балалары халықтың «Шілдехана», «Ат қою», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару» сияқты салт-дәстүрлерін жақсы біледі.

Балалардың тілді меңгеру деңгейін сараптаған кезде, олардың қазақ тіліне деген қызығушылығы жоғары екенін, бағдарламаны толық меңгергенін білуге болады. Жұмыс нәтижесі балабақшаның барлық тәрбиеленушілері, қызметкерлері және ата-аналарының көктемгі «Наурыз» мерекесін өткізуінен көрінеді. Балабақша өткізілген барлық ертеңгіліктерде қазақша әндер, билер, өлеңдер, ойындар көрсетіледі.

Олар әдістемелік құралдарды, көрнекіліктерді, үлестірмелік көрнекіліктерді, Республикамыз бен қаламыздың тарихы туралы танымдық материалдарды пайдалануға көмек көрсетеді.

«Ақбота» балабақшасының мемлекеттік тілді қолдану мен дамытудың бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар мазмұны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	ҚР «Тіл туралы» Заңының орындалуын балабақшаішілік жиналыстарда қарау	меңгеруші	Жыл бойы
2	Балабақшаның іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу	Іс жүргізуші	Үнемі
3	Балабақшадағы өзге ұлт балалары мен қызметкерлерге мемлекеттік тілді үйрету мақсатында материалдық-техникалық базаны қалыптастыру	Әдіскер	Үнемі
4	Мектеп жасына дейінгі балаларға мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында вариативті қосымша сағаттар санын көбейтуді қарастыру	Әдіскер	Қыркүйек
5	Қазақстан халықтарының тілдері мерекесін жоспарлап, өткізу	Әдіскер, музыка жетекшісі, топ тәрбиешілері	Қыркүйек
6	Балабақша рекреацияларындағы, топтардағы, кабинеттердегі құжаттарды мемлекеттік тілде әзірлеу	Балабақша қызметкерлері	Үнемі
7	Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде қазақ халқының мәдениеті, салт-дәстүрімен таныстыру.	Әдіскер, музыка жетекшісі, топ тәрбиешілері	Үнемі
8	Мемлекеттік тілді насихаттау шараларын ұйымдастырып, өткізу	Меңгеруші, әдіскер, музыка жетекшісі, топ тәрбиешілері	Жоспар бойынша

9	Ата-аналармен мемлекеттік тілді насихаттау шараларын ұйымдастыру, ашық есік күнін өткізу	Меңгеруші, әдіскер, музыка жетекшісі, топ тәрбиешілері	Әр тоқсан сайын
10	Қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін үйретуде балабақша кітапханасын қажетті кітаптармен (балаларға арналған ертегілер, т.б.) толықтыру	Меңгеруші, әдіскер	Үнемі

**«Алматы облысы білім басқармасының Қонаев қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында
Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған іс – шаралар
жоспары**

№	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі
А	1	2	3	4
	1. Латынграфикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғырту			
	<i>Нысаналы индикатор:</i>			
1	Латын графикалы әліпбиді пайдаланатын жазба коммуникация қатысушыларының үлесі	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
	<i>Міндет:</i>			
	1.1. Латынграфикалы әліпбиі негізінде қазақ тілінің ортологиялық қалыптануы			
	<i>Нәтижелер көрсеткіші:</i>			

2	Латын графикалы әліпби негізінде басып шығарылған сөздіктер, анықтамалықтар мен қолжазбалардың саны. (өсу қорытындысымен)	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
Іс –шаралар				
1	Балабақша бойынша бланкілер, мандайша жазуы, хабарландырулар, әдістемелік іс –құжаттардың, басқада көрнекі ақпараттарын қазақ тілінің латынграфикалы негіздегі әліпбиін пайдалана отырып дайындау жұмыстарын қамтамасыз ету	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
2	Қазақ тілінің латынграфикалы әліпбиін енгізудің ұйымдастырушылық міндеттерін іске асыруға қатысты іс-шаралар өткізу	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
Міндет:				
1.2 Латын графикалы әліпбиі негізінде қазақ тілінің салалық терминдер жүйесін жетілдіру, біріздендіру және кодтау				
	<i>Нәтижелер көрсеткіші:</i>			
	Қазақ тілінің латын графикалы әліпбиінің емле ережесіне негізделген терминалогиялық қордың үлесі	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
Іс-шаралар				
3	Қызметкерлердің, өзге ұлт балалар мен ата-аналардың мемлекеттік тілді	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.

	меңгерген үлесі			
4	Мемлекеттік тілді насихаттау мақсатында БАҚ құралдарына материалдар жіберуді қадағалау	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
5	Мемлекеттік тілді B2 деңгейінде меңгерген өзге ұлт балалардың үлесі	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
Іс-шаралар				
6	Мемлекеттік тілді оқытуды жүзеге асыратын педагогтерге арналған онлайн іс - шаралар	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
7	Балабақша қызметкерлері жаңа әліпби мен емле ережесін меңгерту мақсатында семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
8	«Қазтест» жүйесі бойынша айқындалатын мемлекеттік тілді B1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын қызметкерлердің үлесі	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
9	Ұлттық стандарт негізінде «Қазтест» жүйесі бойынша айқындалатын мемлекеттік тілді B2 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметкердің үлесі	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
10	Ұлттық стандарт негізінде «Қазтест»	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.

	жүйесі бойынша айқындалатын мемлекеттік тілді C1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметкердің үлесі			
11	Мемлекеттік органдардың, мекемелердің және ұлттық компаниялардың, басқа да ұйымдардың іс – қағаздарын латын негізді әліпбиге көшіру: - Құжатайналымының бірыңғай жүйелері-2021 ж. - Кадр, кеңсе бөлімі құжат-2022 ж. - Ішкі құжатайналымы-2023ж; - Сыртқы құжатайналымы, нормативтік-құқықтық актілер-2024ж; - қолданбалы бағдарламалар, есепке алу- статистикалық, қаржылық және техникалық құжаттамалар платформалары - 2025ж.	Ақпарат	әдіскер Э.Есекмбекова	2020-2025 жж.
	Міндет:			
	2.3 Ақпарттандыру және коммуникация саласында қазақ тілінің қолданысын жетілдіру			
	Нәтижелер көрсеткіші:			

12	Қазақтілді БАҚ-ға мемлекеттік қолдау көрсету үлесі	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
13	Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін бейнеблоктар әзірлеу	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
14	Мемлекеттік тілді қолдануды ынталандыратын бейнероликтер әзірлеу және тарату	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
Міндет:				
2.4 Мәдениет, халыққа қызмет көрсету, БАҚ және бизнес саласында мемлекеттік тілдің қолданысын реттеу, әлеуметтік беделін арттыру				
Нәтижелер көрсеткіші:				
15	Мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес келетін көрнекі ақпаратты қамту дәрежесі	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
16	Бұқаралық мәдени, спорттық және өзге де қоғамдық іс –шараларды өткізу кезінде мемлекеттік тілді кеңінен қолдануды қамтамасыз ету	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
17	Қазақстан халқы тілдері күнін мерекелеу шеңберінде тілдік ортаны құрудың және дамытудың және дамытудың өзекті проблемары бойынша іс-шаралар өткізу, соның	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.

	ішінде «Мен қазақша сөйлеймін!» акциясы, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген арасында «Тіл шебері» конкурстарына қатысу			
3.Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту				
<i>Нысаналы индикатор:</i>				
18	Үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) меңгерген қызметкердің үлесі	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.
<i>Міндет :</i>				
2.5 Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын арттыру				
<i>Нәтижелер көрсеткіші:</i>				
19	Ағылшын тілін білетін қызметкерлердің үлесі	Ақпарат	әдіскер Э.Есекнбекова	2020-2025 жж.

Материалдық-техникалық және әлеуметтік база

Балабақшаның жалпы алаңы 1729,2 кв.м, проектінің көлемі – 0,6402 га. Балабақшада жылу жүйесі автономдық, сумен жабдықтау жүйесі орталықтандырылған, канализация және сол сияқты музыка залы, дене шынықтыру залы, меңгеруші бөлмесі, әдістемелік бөлме, психолог кабинеті, асхана, кір жуатын орын, дәрігерлік бөлмелер бар. Балалардың дене жағынан дамуы мен денсаулығын нығайту үшін:

- дене шынықтыру залы, қажетті құрал жабдықтармен жабдықталған;
- серуенге арналған топтардың ойын алаңдары;

Медициналық-әлеуметтік жағдай:

- дәрігерлік бөлме,

Балалардың адамгершілік, парасаттылық, сезімдері мен ой-өрісін дамыту үшін арнайы жабдықтар:

- музыка залы, халық музыка аспаптары, әдістемелік әдебиеттермен қамтылған;
- топ бөлмелеріндегі балалардың даму орталықтары.

Әдістемелік жұмыс орталығы болып, хабарлама және тәжірибелі мәліметтер мен әдебиеттерге бай әдістемелік бөлме саналады. Барлық балалар оқу жабдықтарымен, жиһаздарымен толықтырылған. Барлық жабдықтар САН Пин талаптарына сәйкес. Балабақша аумағында ағаштар мен өсімдіктер өсіріледі: қарағаш, қайын, емен, терек.

№	Көрсеткіштер	2022-2023
1.	Материалдық және әлеуметтік база	
1.1.	МДМ көлемі (кв.м.): - жалпы - құрылыс аудыны - 1 балаға шаққанда Топтың саны – Жатын бөлме саны –	1729,2 670,8 4,6 6 6
1.2.	Қамтылуы: • медициналық кабинет • дене шынықтыру залы • спорт алаңы • музыка залы, спорт залы • ойын алаңдары • логопед- дефектолог • психолог кабинеті • тұзды емдік бөлмесі	+ + + + + + +

Ақпараттық ресурстар

Компьютер саны	2022-2023 оқу жылы
	8

Білім беру жүйесінің ұйымдастырылатын және өткізілетін орны

№	Өткізілетін орны	
1.	Топтар	6
2.	Музыка залы Дене шынықтыру залы	1
3.	Психолог кабинеті	1
4.	Логопед кабинеті	1
	дефектолог	1
5.	Мед. кабинет	1
6.	Әдістемелік кабинет	1
7.	Меңгеруші кабинеті	1
8	роботатехника кабинеті	1

**«Ақбота» балабақшасының 2022-2023 оқу жылындағы
оқыту және тәрбиелеудегі өзін-өзі бағалау
жұмысының қорытынды есебі**

2022-2023 оқу жылында балабақша ұжымы төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді:

- Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, сауықтыру-шынықтыру шараларының жаңа әдіс-тәсілдері жетілдіріліп, күнделікті тәжірибеде тиімді пайдаланылды;
- отбасы мен балабақшада экологиялық тәрбие арқылы баланың жеке басын, ерік-жігерін, адамгершілік қасиеттерін дамытуға баса назар аударылды;
- көркем шығарма желісіндегі жүйелілікті, әдеби тілдің көркемдігін дұрыс түсініп, баланың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуіне көңіл бөлінді.

2022-2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының барысында төмендегі нәтижелерге жетті.

- Балаларды дене, ақыл-ой, сезім, тілдік, адамгершілік, еңбекке тәрбиелеудегі педагогикалық ықпалдың тиімділігін арттыру, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеуге басым көңіл бөлінді;
- Бейнелеу өнеріне балаларды баулу, іскерлік дағдыларын жетілдіру, көркемдік талғамын дамытуда балалардың бейнелеу іс-әрекеті жүйелі жүргізілді;
- Отбасылық бала тәрбиесі дәстүрлерін, халықтық педагогика негізінде ұлттық құндылықтармен байытуда ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастыққа қол жеткізілді;
- Баланың жеке басын дамытуда, өзіндік санасының негізін, жеке даралығын, әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал ету жұмысы жүргізілді;

2022-2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының барысында қол жеткізген нәтижелер:

– мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарты мен жаңа бағдарламаларын балабақшаның оқу - тәрбие үдерісі бағыттарымен үйлестіріле жүргізілді;

– «коммуникативтік дағдылар» бойынша: ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, мәдени-әлеуметтік өзара қатынасқа дайын, айналасымен еркін қарым-қатынасқа түсе алатын тұлғаны тәрбиелеуге баса назар аударылды;

– «физикалық қасиеттер» бойынша: балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, денсаулығын сақтау негіздері мен жеке бас гигиенасының дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасалды;

Балабақшаның белгіленген әр жылдардағы мақсаттарын жүзеге асыру бағытында өздік аттестациялау жұмыстары өткізіліп, әр мақсаттың орындалу барысындағы жетістіктер мен кемшіліктер аталып, талданды және де арнайы жеке, топтық кеңестер, семинарлар, педагогикалық сағаттар, ата-аналарға арналған жиналыстар, конференциялар, экскурсиялар, әр түрлі сайыстар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді.

Биылғы жылы балабақшамызда балаларға арналған роботатехника кабинеті және бала денсаулығын нығайту үшін тұзды емдік бөлмесі ашылды.

Белгіленген мерзім бойы өткізілген жұмыстар, кеңестер, семинарлар, педагогикалық сағаттардың нәтижесі, өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тәрбиешілер өздерінің білім-біліктерін, шығармашылықтарын көрсете білді. Бақшамыздың оқыту мен тәрбиелеу жұмыстары жаңарып, әр баланың дамуы, жетілуі ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде байқалды.

Балабақшадағы белсенділік орталықтарындағы оқу-тәрбие үдерісінде Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарының сапасын жоғарылату бағытында да атаулы жұмыстар өткізілді.

Ал, жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыру, барлық тәрбие жұмыстары тіл арқылы жүретіндіктен, тіл мәселесіне көп көңіл бөлінді. Өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мақсаты: балалардың тілін дамыту бағытында болғандықтан тәрбиешілер жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып, әр іс-әрекеттерде түрлі көрнекіліктерді, дидактикалық ойындарды қолданып, баланың ана тіліне деген қызығушылықтарын арттыру жұмысы ұйымдастырылды.

«Қазақ ертегілерін сахналау» жұмыстар нәтижесінде балалардың ұлттық салт-дәстүрге деген сүйіспеншіігін арттыру үшін көптеген жұмыстар жүргізілді.

Балаларды қоршаған ортамен және қоғам өмірімен таныстыру мақсатында: жыл мезгілдеріне сәйкес, саябақтарға орталық алаңға саяхаттар жасалынды. Алуан түрлі ойындар әрдайым ұйымдастырылып отырды. «Менің көшем» атты серуендер, «Бағдаршам-біздің досымыз», «Жол ережелерін есте сақта», атты ұйымдастырылған іс-шаралары, «Жол ережелерін білейік», «Қызыл, сары, жасыл» айдарымен ойын-сауық кештері өтті.

Балабақшада бүлдіршіндердің денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын күнделікті өмірде қалыптастыру, оқыту-тәрбиелеу жұмыстарында әр баланың психологиялық ерекшеліктеріне көңіл бөлінді және оқу жылы бойы осы жұмысқа баса назар аударылды.

Дене шынықтыру іс-әрекетінде әр топтың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, іс-әрекеттер дәстүрлі, дәстүрден тыс әдістермен өткізді. Ата-аналармен, балалармен бірігіп неше түрлі спорттық ойын-сауық кеш, мерекелер өткізілді, балалардың барлығы да жоғары деңгейде көрсеткішке жетіп, денелерінің дамығанын және денсаулықтарының қалыпты даму үстінде екендігін дәлелдеді.

Бүлдіршіндерге туған елін, жерін сүйу, аялауға тәрбиелеу, яғни экологиялық тәрбие беру ең басты мәселелердің бірі. Балабақшаның ауласында әр топ табиғат аясындағы өсімдіктер, құрт-құмырсқалар, гүлдер, ағаштармен танысып, табиғат аясында еңбек етіп, қызықты ойын ойнап, табиғат құбылыстарына (құм, су, топырақ т.б) әр түрлі тәжірибелер жасайды.

Әр топтың бөлінген үлескілері көгалдандырылуда, құм салғыштарында құм жеткілікті. Құммен, сумен ойнайтын, қимылды ойындарға айналған ойыншықтардың жеткілікті болуларына тәрбиешілер мен ата-аналар көп көңіл бөледі.

Мерекелік ертеңгіліктер, апталық күндер, тақырыптық көрмелер, ойын-сауық кештері, айтыстар, қуыршақ театрлары көрсетіледі. Келешекте жауапты адамдардың осы көрсетілген шаралардың өз уақытында, жоғары деңгейде өтуіне назар аударылады. Жыл бойы балалардың таным процестерінің де жоғары болуын естен шығарылмайды, ол үшін психологтар балаларды оқу жылының басында, ортасында, аяғында тексеріп, түзету жұмыстарын жүргізіп, ата-аналармен ақыл-кеңестер өткізіп тұрады.

Балабақша өміріне ата-аналар да белсене араласады, балалар мен ата-аналар қатысқан «Ән көңілдің ажары», «Наурыз тойы», «Айт мерекесі», «Халқым қандай десең, салтымнан таны» ойын-сауықтары. Балабақшада тілі мен туған ел, жеріне деген сүйіспеншіліктерін дамыту бағыты да жоспардан тыс қалмады. Өткізілген ойын-сауықтар кештері, сайыстардағы, балалардың мінез-құлқы, іс-әрекеттері, қарым-қатынастарына ата-аналар өте жоғары баға береді.

Педагогикалық ұжым тарапынан кемшіліктерді жою мен өзгеріс жасауға болатын төмендегідей маңызды факторларды атап айтуға болады:

- балаларға арналған арнайы дамытушы ортаның жабдықталуы және
- оңтайлы мүмкіндіктердің жасалуы, білім беруде жеке тұлғаның қажеттіліктерін ескеріп отыру;
- мектеп жасына дейінгі балалардың өмірі мен іс-әрекеттерін ұйымдастыруда арнайы мамандармен қамтамасыз ету және материалдық базаны, әдістемелік қорларды нығайту;

- білім беру үдерісінің санитарлық-гигиеналық шарттары мен дәрігерлік- сауықтыру бағыттарына баса көңіл бөліп, білім беру үдерісіне психологиялық қолдау көрсетілуі;
- педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіріп отыру және ұжымның әлеуметтік институттармен өзара бірлескен әрекеттерінің болуы;
- балаларды тәрбиелеу, оқыту мен дамыту мәселесінде мектепке дейінгі ұйымдар мен отбасының бірлескен әрекеттерін ұйымдастыру;

Ұйымдастырылған жұмыстардың жетістіктерімен қоса кемшіліктері талданып, мәселелерді шешудің төмендегідей жолдары қарастырылды

- тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеттерінде, балалардың сөйлеуіне, көңіл аударылуы керек.
- балаларды халықтық салт-дәстүр негізінде жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балалардың ой-қиялын, тілін дамытуды жетілдіре түсу қажет.
- педагог тәрбиешілер өз біліктілігіне сай қызмет атқарып, біліктілік санаттарын көтеріп отыруы керек.

Өзін-өзі бағалауға құрылған тексеру комиссиясының шешімі

Төмендегі комиссия құрамындағылар:

1. А.Дуйсенова – аттестаттау комиссиясының төрайымы, балабақша меңгерушісі ;
2. Есенбекова – комиссия мүшесі, балабақша әдіскері;
3. Құдайбергенова– комиссия мүшесі, балабақша психологі;
4. Долданова А.М. - комиссия мүшесі, кәсіподақ төрайымы;
5. Сегизбаев Б.С.- комиссия мүшесі, балабақша музыка жетекшісі.

балабақша жұмысын тексере келіп, төмендегідей шешім қабылданды:

1. «Ақбота» балабақшасында балалар дамуына оңтайлы жағдайлар жасалынған, білім беру үдерісі психологиялық және дәрігерлік сапалы қолдау көрсету арқылы жүзеге асырылуда, балабақшаның даму бағдарламасы тиімді жоспарланған.
2. Балабақшада баланың тілін дамытуға және мемлекеттік тілді тереңдетіп оқытуға баса назар аударылған, дамыту орталықтары құрал- жабдықтармен қамтамасыз етілген.
3. Мектеп жасына дейінгі балаға білім беруде инновациялық бағдарламалар мен жаңа педагогикалық технологиялар тиімді пайдаланылады.
4. Балабақшада білім беру үдерісі балалардың физикалық, психологиялық және ой-өрісінің даму деңгейіне қарай жүргізіледі.

5. Балабақшада тәрбиешілер мен басқа да мамандардың (психолог, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы) бірлесіп педагогикалық ынтымақтастықта қызмет жасауы қажетті деңгейде.

Комиссия қорытындысы:

Өзін-өзі бағалауды өтуді ұсыну

Балабақшада өзін-өзі бағалау комиссиясы:

Төрағасы	А.Дуйсенова
Төраға көмекшісі	Э. Есенбекова
Комиссия мүшелері	А. М.Долданова

«Ақбота» балабақшасының әкімшілік құрамы туралы мәлімет

№	Аты - жөні	Туған жылы	Атқаратын қызметі	Базалық білімі	Жұмыс өтілі	Осы мекемедегі еңбек өтілі
---	------------	------------	-------------------	----------------	-------------	----------------------------

1	Дуйсенова Айгерим Жомартовна	1989	меңгеруші	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	12 жыл	12 жыл
2	Есенбекова Эльмира Мараловна	1982	әдіскер	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	14 жыл	14 жыл
4	Құдайбергенова Назым Құдайбергенова	1996	психолог	Педагогика және психология	4жыл	4 жыл

М.О.

Меңгеруші _____ А. Дуйсенова

«_____» _____ 2023ж

Білім беру үдерісін енгізу және ұйымдастыру үшін қолданылатын ғимараттар және бөлмелер туралы мәліметтер

№	Ғимараттың және бөлек орналасқан құрылыстың нақты мекен-жайы	Ғимарат және құрылыстардың түрі мен (оқу-зертханалық, әкімшілік және т.б)	Пайдалану ие болу нысандары (жеке меншік, жедел басқару, жалға алу)	Деректемелер мен құқылық құжаттардың мерзімі	Құжаттардың деректемелері
1	Алматы облысы, Қонаев қаласы, Шеңгелді ауылы, Сейфуллина 38	ғимарат	мемлекеттік	Нақтылы мерзімсіз	1. Өртке қарсы қызмет №180240018669/210001/00, 16.02.2021ж. 2. ТОО «Алматы ЭнергоСбыт» №43640, 05.01.2021ж 3. МҚК «Қапшағай Су Құбыры» №58, 24.06.2019ж 4. АО «Қазақтелеком» №180240018669/210005/00, 04.03.2021ж. 5. «Ұлттық сараптама орталығы» №180240018669/210007/00 6. МҚК «Қапшағайжылу» №650, 06.01.2020 7. ТОО «Қапшағай АТО» №7,

					05.01.2020ж
--	--	--	--	--	-------------

Білім беру жүйесінің арнайы жабдықтармен қамтамасыз етілуі туралы мәлімет

№	Оқу жоспарына сәйкес оқу қызметінің атауы	Арнайы кабинеттермен залдардың атаулары	Тұтынушының формасы
1	Психологиялық жұмыс	Психолог кабинеті	Мемлекеттік мекеме
2	Музыка	Музыка залы	
3	Дене шынықтыру	Музыка залы	
4	Дефектолог логопед	Дефектолог кабинеті	
5	Логопед	Логопед кабинеті	

М.О.

А.Дуйсенова

« _____ » _____ 2023ж

